

Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлемақы ставкаларын бекіту

Күшін жойған

Жамбыл облысы мәслихатының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 38-11 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 шілдеде № 2699 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы мәслихатының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 24-9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы мәслихатының 29.06.2018 № 24-9 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің 506 бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 14 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде екінші дәрежелі сүрек ресурстарын дайындауға төлемақы ставкалары 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдалану үшін төлемақы ставкалары 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Аңшылық шаруашылығының қажеттіліктері үшін, ғылыми–зерттеу, мәдени–ағарту, туристік, рекреациялық және спорттық мақсаттарда мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану үшін төлемақы ставкалары 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде дәрілік өсімдіктерді жинау және дайындау үшін төлемақы ставкалары мен мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қамысты жинау және дайындау үшін төлемақы ставкалар 4 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

5. "Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 32-8 шешімінің (нормативтік

құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1776 болып тіркелген, "Ақ жол" газетінде 2011 жылдың 28 сәуірінде № 69-70 (17 359-17 360) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
мәслихаттың
С. Қалманбетов

Облыстық
сессия төрағасы хатшысы
Б. Қарашолақов

Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 38-11 "Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлемақы ставкаларын бекіту" туралы шешіміне келісу парағы.

"Келісілді"

Жамбыл облысы бойынша
мемлекеттік кірістер
департаментінің басшысы
А. Тынысбеков
2015 жыл.

"Келісілді"

Жамбыл облыстық орман шаруашылығы
және жануарлар дүниесі аумақтық
инспекциясының басшысы
Қ. Кемелов
2015 жыл.

Жамбыл облыстық аслихатының
2015 жылғы 25 маусымдағы
№ 38-11 шешіміне 1 қосымша

Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде екінші дәрежелі сүрек ресурстарын дайындауға төлемақы ставкалары

№	Қосалқы ағаш ресурстары	Өлшем бірлігі	Ресурстарды дайындау үшін төлемақы ставкалары (айлық есептік көрсеткіш)
1	Аққайың: қ а б ы қ бұтақтар жапырақтар бүршіктері түбірлер тамырлар	тонна	0 , 0 1 6
		тонна	0 , 0 3 2
		тонна	0 , 0 0 8
		тонна	0 , 0 4 8
		тонна	0 , 0 2 4
		килограмм	0,016
	Е м е н : қ а б ы қ	тонна	0 , 0 4 1
		тонна	0 , 0 8 2

2	бұтақтар жапырақтар бүршіктері түбірлер тамырлар	тонна тонна тонна килограмм	0 , 0 2 0 5 0 , 1 2 3 0 , 0 6 1 5 0,041
3	Қарағаш: қабық бұтақтар жапырақтар бүршіктері түбірлер тамырлар	тонна тонна тонна тонна тонна килограмм	0 , 0 1 4 0 , 0 2 8 0 , 0 0 7 0 , 0 4 2 0 , 0 2 1 0,014
4	Терек: қабық бұтақтар жапырақтар бүршіктері түбірлер тамырлар	тонна тонна тонна тонна тонна килограмм	0 , 0 1 1 0 , 0 2 2 0 , 0 0 5 5 0 , 0 3 3 0 , 0 1 6 5 0,011

Жамбыл облыстық маслихатының
2015 жылғы 25 маусымдағы
№ 38-11 шешіміне 2 қосымша

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдалану үшін төлемақы ставкалары

№	Пайдалану түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкасы (теңге)
1	Ара ұялары мен омарталар орналастыру	1 ұя	120,3
2	Мемлекеттік орман қоры аумағында шөп шабу: сапалық жай – күйі жақсы сапалық жай – күйі орта сапалық жай – күйі төмен	1 гектар 1 гектар 1 гектар	1 9 6 , 3 1 4 7 114
3	Мемлекеттік орман қоры аумағында мал жаю: жақсы сапалы жайылымдар орта сапалы жайылымдар төмен сапалы жайылымдар	1 гектар 1 гектар 1 гектар	1 4 4 1 0 8 84
4	Аң өсіру	1 гектар	239,9

Жамбыл облыстық маслихатының
2015 жылғы 25 маусымдағы
№ 38-11 шешіміне 3 қосымша

Аңшылық шаруашылығының қажеттіліктері үшін, ғылыми–зерттеу, мәдени–ағарту, туристік, рекреациялық және спорттық мақсаттарда мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану үшін төлемақы ставкалары

№	Орман пайдаланудың түрлері	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары
---	----------------------------	---------------	---------------------

Ұзақ мерзімге пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін)			
1	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылық қажетіне пайдалану	1 гектар	0 теңге
2	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру мақсатына пайдалану	1 гектар	60,1 теңге
3	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, туристік және спорттық мақсатында пайдалану	1 гектар	239,9 теңге
Қысқа мерзімге пайдалану (1 жылға дейін)			
4	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсатында пайдалану	1 күн	0,1 айлық есептік көрсеткіш

Жамбыл облыстық маслихатының
2015 жылғы 25 маусымдағы
№ 38-11 шешіміне 4 қосымша

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде дәрілік өсімдіктерді жинау және дайындау үшін төлемақы ставкалары

№	Өсімдіктің атауы (қазақша)	Шикізат түрі	Нарықтық бағасы теңге 1 килограмм үшін	Төлемақы ставкаларының деңгейі %	Есептелген төлемақы ставкаларының соммасы, теңге
1	Дәрілік жалбызтікен	Тамыры	900	20	180
2	Бөрі қарақат	Тамыры Жапырағы Жемістері	1500	30	450
3	Құмды бесмертник (цмин)	Гүлдері	800	30	240
4	Алқызыл долана	Гүлдері Жемістері	180	20	36
5	Күмәнді валериана	Тамыры	3000	20	600
6	Айланшөп таран	Шөп	1000	30	300
7	Биік андыз	Тамыр	1500	20	300
8	Дәрі түйе жоңышқа	Шөп	1500	30	450
9	Кәдімгі жұпаргүл	Шөп	800	30	240
10	Шілтер жапырақ шаңқурай	Шөп	800	30	240
11	Қосүйлі қалақай	Жапырағы	1000	30	300
12	Кәдімгі өгейшөп	Гүлдері Жапырағы	800	30	240

13	Дала жалбыз	Шөп	800	30	240
14	Дәрі бақбақ	Тамыры	3000	20	600
15	Кәдімгі түймешетен	Гүлдері	800	30	240
16	Д а л а таушымылдық	Тамыры	1500	20	300
17	Үлкен бақа жапырақ	Жапырағы	800	30	240
18	Ашщы жусан	Шөп жапырағы	700	30	210
19	Дәрілік ромашка	Гүлсебеті	1320	30	396
20	Кәдімгі мыңжапырақ	Шөп	800	30	240
21	Д а л а кырыкбуыны	Шөп	800	30	240
22	Сасық кереуік	Тамыры	2000	20	400
23	Үштармақ итошаған	Шөп	700	30	210
24	Шөлдік шалфей	Жапырағы	700	30	210
25	Итмұрын раушан	Жемістері	1000	20	200
26	Сұңғыла	Тамыры	546	30	163
27	Мия тамыры	Тамыры	209	30	62

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қамысты жинау және дайындау үшін төлемақы ставкалары

№	Өсімдіктің атауы (қазақша)	Шикізат түрі	Нарықтық бағасы теңге 1 шаршы метр	Төлемақы ставкаларының деңгейі %	Есептелген төлемақы ставкаларының соммасы, теңге
28	Қамыс	Өзегі	594	20	118